

5 *The President's message — its fulfillment*, 1, Astana: Kultegin, 2008, p. 299.

6 *We look for the future! The President N.A.Nazarbayev's message to the people of Kazakhstan*, Taraz: Senim, 2011, p. 17.

7 *Kazakhstan – 2050: The new policy of strategically formed country. The President of RK N.A.Nazarbayev's message to the people of Kazakhstan dated from 2012, December, 14*, Taraz: Zhambyl Press, Service, 2014, p. 66.

8 *The way of Kazakhstan – 2050: one aim; one task; one future»*: The President's message dated 2014, January, 17, Taraz: Zhambyl Press Service, 2017, p. 13.

ӨОЖ 811.512.122'37

А.Қ.Купаева

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана
(E-mail: ais.kupayeva@yandex.ru)

Туынды сөз семантикасының қалыптасу ерекшеліктері

Мақалада туынды сөз семантикасының қалыптасу ерекшеліктері мен мән-мағыналық қызметі қарастырылды. Автор негіз сөз бен туынды сөздің арасындағы мағыналық байланысты және туынды мағынаның дамуы барысында қалыптасатын мағыналық айырмашылықтарына тоқталды. Сонымен бірге туынды сөз мағынасының қалыптасуына қатысты ғалымдардың ойлары берілді. Туынды сөздердің семантикасының қалыптасуында әр түрлі деңгейде сақталып, қатынасқа түсетін құрамындағы семаларды талдап анықтама беріп, сөздің семантикалық күрделілігі осы семаларға байланысты екендігі айтылды. Сөзжасамдағы семантикалық өзгерістің себептері жан-жақты талданды.

Кілт сөздер: туынды сөз, семантика, семантикалық өзгеріс, негіз сөз, туынды мағына, уәждеме, сөзжасамдық формант.

Тіл үнемі дамып, өзгеріп отыратын күрделі құбылыс. Тілдің дамуы күрделі, әрі кешенді процестерден тұрады. Алайда бұл өзгерістер тілдің ішкі заңдылықтарына, белгілі бір жүйеге сәйкес жүреді. Тілдегі өзгеріске бейім лексикалық қор үнемі толығып отырады. Лексикалық қордың толығып отыруы тілдің ішкі және сыртқы заңдылықтары негізінде екі түрлі жолмен іске асырылатыны белгілі: кірме сөздер және сөзжасам арқылы.

Туынды сөз — сөзжасамның түрлі әдіс-тәсілдері арқылы жасалған жаңа мағыналы сөз. Яғни, туынды сөз — сөзжасамдық процестердің жемісі. Сөзжасам номинация процесінің орындалуын қамтамасыз ете отырып, адамның танымдық қызметінде шешуші рөл атқарады.

Сөзжасам өмірде пайда болған жаңа ұғымдарды атау қажеттігі үшін қызмет етеді [1; 73]. Сөзжасам шындық өмірдегі белгілі бір зат пен құбылыс туралы пікірдің қалыптасуымен, ондағы белгілі бір қасиеттер мен белгілерді танумен байланысты болады. Туынды сөздер тілде бұрыннан белгілі лексикалық элементтер негізінде жасалады. Сөз жасауға негіз болған түбір сөзді — себепші мағына деп атайды және оның семантикалық мағынасы біріншілік мағына деп аталады. Ал одан түрлі сөзжасамдық тәсілдер арқылы туындаған туынды сөздің мағынасы екіншілік мағына болып табылады [2; 38]. Мәселен, *әнші* туынды сөзіндегі түбір сөздің мағынасы «музыкалық туынды» болса, *-ші* сөзжасаушы форманты арқылы «кәсіп иесі» мағыналық реңкі туындайды.

Әрбір туынды сөз адамның сөз сөйлеу ойлау, танымдық және номинация қызметінің нәтижелерін білдіреді, сондықтан да сөздің туынды мән-мағыналарын зерттеу барысында аталған қызметтің ерекшеліктерін, сондай-ақ сөз жасау процестерін басқа түрдегі атау әдістерінен қандай әдістер ерекшелендіретіндігін сипаттай аламыз. Сөз жасау үрдісін зерттеген ғалымдар оның түрлендірілген сипатына назар аударғандығын білеміз, алайда туынды сөздерді үлгілеу заңдылықтарын қарастыру барысында ұзақ уақыт бойы олардың формалды ерекшеліктеріне талдау жасалып, туынды сөздерді белгілі бір сөз жасау үлгілері бойынша құрастыру ережелеріне негізделген болатын. Сөз жасау үрдісін номинацияның қайта пайда болатын бірліктерін үлгілеу жүйесі ретінде қарастыру барысында зерттеушілер аталған бірліктерді құрудың басқа да аспектілеріне назар аударды, өйткені номинацияның жаңа бірліктеріне деген талпыныс, ең алдымен, жаңа мағыналарды

немесе мағыналардың жаңа кешендерін тілдік құралдар арқылы білдіру қажеттілігінің туындағандығына байланысты болады.

Сөз жасау үрдістерінің келесі жалпы нысанды өзгешелендіретін белгілерін атауға болады:

1. Атауы да, мән-мағыналық құрылымы да жаңа туынды сөздер тілдің қолданыстағы бірліктерінің негізінде, яғни, дайын белгілердің қолдану арқылы, пайда болады. Дәл осындай белгілер бойынша сөз жасау үрдісі *ғаз* сынды қарапайым (туынды емес) жаңа сөздерді ойлап табу үрдісінен ерекшеленеді.

2. Туынды сөзді құру сөз мәртебесіне ие болатын жаңа морфологиялық құрылымның пайда болуымен аяқталады: мотивациялық бірлік болып табылатын деривация көзінің күрделілігіне және ұзақтығына байланыссыз атау бір сөзді лексика бірлігі ретінде пайда болады. Ол сөз жасау үрдісін *көлік құралдары, темір жол* және т.б. бірнеше сөздерден құралатын атаулардан ерекшелендіреді. Сондықтан да синтетикалық сөз жасау үрдісін талдау деривациясына қарсы тұруға болады.

3. Туынды атаудың құрылымында үнемі белгі немесе бастапқы уәждеме бірлікте бар белгілердің бөліктері қайталанатын, сондықтан да туынды сөз жасау барысында қолданылатын сөздерде жалпы сипаттар болады. Ол шынайы зат пен құбылысты атау сөз жасау үрдісін суплетивті сөз жасау үрдісінен ерекшелендіреді; суплетивті сөз жасау үрдісінде белгілердің осындай материалды қайталанушылығы (*кір жуушы әйел* сөздерін жасау үрдісіндегідей) болмайды.

4. Белгілер қайталанушылығының нысаны әр түрлі болуы мүмкін: бастапқы сөзді уәждемелік бірлікте толық қайталаудан бастап (мысалы, қазіргі түркі тілдеріндегі *үй* – зат есім «баспана», *үй* – естістік «жинау, топтау»). Бұл құбылыс тіл білімінде көпмағыналылық деп аталып, сөзжасамның ең тиімді тәсілі ретінде пайымдалады. Белгілі ғалым В.Г. Гак көпмағыналылықты семантикалық конверсия ретінде қарастырса [3; 119], қазақ ғалымы Ә. Болғанбаев сөздің сапа жағынан дамығандығын көрсететін бірден-бір белгі ретінде пайымдау жасайды [1; 37, 38]. Жаңадан пайда болатын сөздерде сол сөздің пайда болуына негізгі сөздердің тек бас әріптерін ғана қайталауға дейін (мысалы, *БҰҰ және Біріккен Ұлттар Ұйымы, АҚШ және Америка Құрама Штаттары*); туынды атаудың морфологиялық құрылымында бастапқы бірліктің осындай белгілерінің («іздерінің») бар болуы туынды атаудың мотивациялығы туралы айтуға негіз болып табылады. Сонымен қатар осындай үлгілердің әр түрлі болуы туынды сөздерді олардың құрылымындағы белгілері толық бірліктердің саны бойынша объективті саралауға (салыст.: аффиксті туынды сөздерді күрделі сөздермен) және аталған құрылымдардағы бірліктері толық жалғастырушы сөздердің нысандары (салыст.: күрделі сөздерді қысқарма сөздерге және түрлі күрделі-қысқартылған атаулардан айырмашылығы) бойынша топтастыруға мүмкіндік береді.

5. Туынды атау жаңа сөз болып табылады, сондықтан да оның формалды сипаттамалары өз жиынтығында бастапқы сөзге тән ерекшеліктерді қайталамайды (мысалы, салыстыру үшін: конверсиялау немесе аффиксіз транспозиция кезіндегі сөздің парадигмалы сипаттамаларын өзгерту). Ол шынайы сөзді жасау үрдісін мән-мағыналардың деривация осы сөздің ішінен бастап таралатын — салыст. *түлкі* — «жануардың бір түрі» және *түлкі* — «ку пәле» семантикалық деп аталатын сөз жасау үрдісінен ерекшелендіруге мүмкіндік береді; осындайда лексикалық мағынадағы тілде бар сөз семантикалық тұрғыдан қайта пайымдалады.

6. Туынды сөздерді жасау сөздің қайта құрылуы мен қайта пайымдалуын, сондай-ақ туынды атаудың түпкілікті грамматикалық рәсімделуін қамтамасыз ететін деривацияның көзі болып табылатын сөзге қатысты белгілі бір формалды операция қолданылған жағдайда жүзеге асырылады. Егер де туынды сөздердің морфологиялық құрылымында деривация көзінен белгілері толық бірліктердің іздерін сақтау арқылы сілтеме бөлік қалыптасатын болса, бастапқы бірліктің қалыптастырушы бірлігін құру арқылы бастапқы бірлікке формалды үдеріс ықпал етеді.

Көптеген тілшілер түбір сөздердің мағыналық ауқымы кеңейіп, заттық және қимыл-әрекеттік мағынаға ауысуы арқылы туындайтын семантикалық сөзжасамды аффиксацияға дейінгі көне тәсілдің бірі ретінде айтады [2; 186]. Сөзжасамда транспозициялық құбылыстар — тұлғалардың тұлғалық жағынан ешқандай өзгеріске түспей категориялық жағынан өзгеруі мен семантикалық дамуын қамтамасыз етеді. Сонымен бірге транспозиция — субстантивтену, адвербиалдану, адъективтену, вербалдану, прономиналдану арқылы сөз мағынасының өзгеруіне байланысты. Транспозициялық сөзжасам тәсілдеріне жататын заттану процесі мен басқа сөз таптарындағы сөздердің сындық-сапалық сипатқа өту процесі ерте замандарда қалыптасқан құбылыс:

- *jaş* 1) жас мөлшері, жас — *сын есім*; 2) көздің жасы — *зат есім*.
- *jüz* 1) бет, жүз — *зат есім*; 2) жүзу *етістік* (Древнетьюрский словарь, 1969).

Туынды сөз мағынасының қалыптасуында уәждеме негіз сөздің семасы арқау болғандықтан, негіз сөз бен туынды сөз мағыналарының арасында байланыс болады. Сонымен бірге негіз сема бірнеше туынды сөздің мағынасының қалыптасуына өзек бола алады. Мысалы: *біл*→*білгіш*→*білім*→*білімді*→*білімділік* туынды сөздер мағынасының қалыптасуында *біл*- етістігінің өзек семасы негіз болып отыр. Туынды сөздер белгілі бір сөзжасамдық құрылым, үлгі бойынша құралады. Белгілі бір үлгіде түбірлес туынды сөздер өрбиді де, әр сөз табына жататын туынды сөздер сөзжасамдық тізбек бойынша семантикалық қатарда, бір семантикалық өрісте жатады. Мысалы: 1. Аш — *сын есім*, ‘ас ішпеген, тамақ жемеген’; 2. Аш — *етістік*, ‘жабық тұрған нәрсенің есігін аңқайту’; 3. Аш — *етістік*, ‘кірін кетіру, тазарту’. Сондай-ақ *аш* негіз сөзі тұрақты тіркестерге негіз болып аналогиялық құрылым бойынша түзілген сөзжасамдық қатарда негізгі сема сақталады [2; 42].

Туынды сөз мағынасы негіз сөз семасынан туындайтындықтан, туынды сөз семантикасында өзек сема сақталуы түбір мен туынды сөз арасында мағыналық байланысқа негіз болса, сөзжасамдық процесс негізінде қалыптасқан туынды мағынаның дамуы мағыналық айырмашылықты туғызады. Сема — сөз мағынасының ең кіші бөлігі. Туынды сөздердің семантикалық құрылымын анықтауды сөздің семалық қырларын қарастыру маңызды. В.Г. Гак сөздің ішкі мағыналық (семантикалық) құрылымдағы семалар иерархиясын төмендегідей белгілейді [3; 95]:

- архисема — сөздерді өзара байланыстырып тұратын, олардың белгілі бір топқа бірігуіне негіз болатын тектік мағынадағы сема;
- айырым (дифференциалды) семасы — сөздердің лексикалық мағынасына негіз болып, бір сөзді екінші бір сөзден ажырататын түрлік мағынадағы сема;
- потенциалды сема — белгілі бір жағдайларға ғана байланысты актуалданып, сөздің потенциалдық ерекшеліктерін көрсететін сема.

Сөзжасамның тарихи дамуын семантикалық аспектіде қарастырған ғалым А. Салқынбай туынды сөздердің семантикасының қалыптасуында әр түрлі деңгейде сақталып, қатынасқа түсетін құрамындағы семаларды талдап анықтама беріп, сөздің семантикалық күрделілігі осы семаларға байланысты екенін айтып кетеді:

- *архисема* — ең көне тұлғаның макросемасы деп, туынды сөз құрамында сақталу деңгейі арқылы сөздің дамуын маманмен бағалауға болады;
- туынды сөз құрамында болатын негізгі семаның бірі ретінде *өзек семаны* сөз мағынасының жалпы семантикалық құрылымын құрап, негізгі мағынасын жасайды дейді;
- туынды сөздің басқа түбірлес сөздермен тарихи-генетикалық байланысын көрсететін *ортақ сема* — туынды сөздер тізбегін анықтауға мүмкіндік береді деген анықтама береді;
- келесі туынды сөздер құрамындағы семалардың бірі *ауыспалы сема* — ассоциация, аналогия, абстракциялау арқылы жаңа сөзжасамдық мағына туындағанда пайда болады және ол адам танымының тереңдеуімен, ұғымдық мағынасының кеңеюімен байланысты деп түсініктеме береді;
- соңғы жасалатын туынды сөздің өзіне ғана тән ерекші номинативті белгісін айқындайтын сема — *айырушы сема*. Ғалымның пікірінше, айырушы сема арқылы заттың не құбылыстың ерекше белгісі, қасиеті, сапасы, әрекеті белгіленіп, айқындалады [2; 44].

Туынды сөздердегі түбір мен жұрнақтың семантикалық байланысын зерделеген ғалым Б.Қасым семалық талдау — туынды сөздердің өзара қатынасын анықтауда, жүйедегі аталымдардың орнын белгілеуде тиімділігін атап көрсетеді:

- лексикадағы жүйелік қатынастар мәселесін шешуде үлкен қызмет атқарады, яғни әр түрлі лексика-семантикалық топ мүшелерінің мағыналық қатысын анықтауға, олардың шегін белгілеуге; әр түрлі тақырыптық топтар аралығындағы семантикалық байланыстарды көрсетуге қатысады;
- әрбір сөз мағынасының заттық-ұғымдық жағы мен төл тілдік жағын айырып көрсете алады;
- әрбір сөз мағынасының өзгеруі нәтижесінде болған үдерістердің (көпмағыналылық, метафора, метонимиялық қолданыстар, уәждемелік қатынас, сөз мағынасының кеңеюі, тарылуы, сөз мағынасының жаңа ұғымға телінуі және т.б.) табиғатын түсінуге көмектеседі;
- сөз мағынасын синхрониялық, диахрониялық тұрғыдан қарастыруға негіз болады;
- сөзжасамның семантикалық аспектіде қарастырылуында пайдаланылады;
- сөз мағынасының парадигматикалық, синтагматикалық тізбек бойынша талдануына қатысады [4; 188].

Туынды сөз жасауға арқау болған түбір сөздің семантикасы арқылы туынды мағынаны анықтауға болады. Дегенмен туынды мағынасы барлық жағдайда негіз сөздің семантикасын толық қамтымайды. А.Н. Тихонов туынды сөз мағынасына қатысты төмендегідей талдау береді:

➤ негіз сөз семантикасының ауқымы туынды сөз семантикасынан кең болып келеді. Сөзжасамдық жұрнақтар негіз сөздің мағынасын тарылту арқылы, нақтылай түседі. Мысалы: *кітапқұмар* → мағыналық ауқымы кең *кітап* негіз сөзіне *құмар* форманты жалғану арқылы '*кітап оқығанды ұнататын*' туынды мағына қалыптасып, негізгі сөздің мағынасын тарылтып тұр;

➤ негіз сөздің мағыналық аясы туынды сөзге қарағанда тар болып келеді. Яғни сөзжасам арқылы туынды сөзде жаңа үстеме мағына қосылады. Мысалы: *жалын* → *жалынды* т.б. [5]. Себебі туынды сөз семантикасы сөз жасаушы форманттар мағынасы негізінде қалыптасады.

А.Н. Тихоновтың пікірінше, негіз сөз бен туынды сөз мағыналарының арасында толық сәйкестік пен бірге сәйкессіздік те болуы мүмкін. Ал Е.С. Кубрякова бұл ұғымды ұғымдық құрылымдар асимметриясы деп атайды [6; 26].

А.Салқынбай туынды сөз мағынасының дамуы сипатын үш негіз көпмағыналылық, синонимдік және антонимдік сипат арқылы танылады дей отырып, кез келген семантикалық сөзжасам негізінде жасалған туынды сөздер нәтижелері осы аталған үш сипатта көрінеді деген пікір айтады [2; 85].

Бастапқы белгінің негізінде басқа бір сөзден тұратын атаудың пайда болуына ықпал ететін және трансформациялану кезінде бастапқы белгінің кем дегенде бір бөлігі өзгертілмейтін бастапқы белгінің кез келген өзгертілуі сол белгінің семантикасын өзгертуге бағытталған трансформация деп танылуы мүмкін. Осындайда бастапқы белгімен салыстырғанда тек туынды белгіде байқалатын және кез келген жағдайда коррелятивті, белгілі бір тілдің кез келген формалды үдерістердің бірінің бастапқы белгісіне қатысты қолданылған *семантикалық өзгеріс* қана сөзжасамның өнімділігінің көрсеткіші болып саналуы мүмкін [6; 48]. Аталған семантикалық өзгерісті сөз белгісінің өзгергендігін сипаттауға болмаған жағдайда сөзжасам мүлде болмаған деп те айтуға болады. Сөйтіп, сөзжасам үрдісі аясындағы қарым-қатынастарды талдау үшін де сөзжасам үрдістерінің семантикалық негіздерін зерттеу үшін де, біріншіден, семантикалық өзгерістің орын алғандығына көз жеткізіп, екіншіден, аталған семантикалық өзгерістің қандай себептерге байланысты болғанын анықтау керек.

Жалпы лексикадағы семантикалық өзгерістің орын алуын үш негізгі фактормен байланыстыруға болады:

- тілдің өзіндік құрылымы мен құрылысымен байланысты лингвистикалық салдарға қатысты;
- халықтың тарихи дамуымен, адамның белгілі бір қоғамда өмір сүру ерекшелігімен, әлеуметтік, саяси, діни, адамгершілік, тұрмыстық және т.б. аспектілерді қамтитын әлеуметтік-мәдени факторға байланысты. Семасиологиялық зерттеулерде бұл аталған аспектілердің маңызы зор. Себебі лексикалық бірліктің мағынасын анықтауда сол атауға ие болған нақты немесе абстракттілі заттардың белгілерінің ерекшелігімен анықталады. Сөздің семантикалық даму тарихы сол қоғамдағы өмір сүру жағдайындағы өзгерістердің көрсеткіші болып табылады;
- келесі лексикадағы семантикалық өзгеріске әсер етуші фактор — психологиялық салдар. Бұл адамның ассоциативті ойлау ерекшелігіне негізделген және шындық өмірдегі зат пен құбылыстың басқа құбылыстармен салыстыру арқылы немесе тікелей қатыстыру арқылы қабылданады [7]. Тіл білімінде бұл құбылыс атаудың ауыспалы мағына алуымен түсіндіріледі.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, туынды сөз мағынасы сөзжасамдық форманттардың мағынасы негізінде қалыптасады. Дегенмен, кейбір жағдайда туынды сөздің семантикасында сөзжасаушы компоненттерінің мағынасынан тыс қосалқы мағына болуы мүмкін. Бұл сөз мағынасының ауыспалы мағынаға өтуімен түсіндіріледі. Тілдің лексикалық және сөзжасамдық жүйесі дамуының айқындаушы факторы семантикалық үдерісінің динамикасы болып табылады. Сөзжасамдағы семантикалық өзгеріс соңғы жылдары когнитивистика аясында қарастырылып жүр. А. Бланк сөздегі семантикалық өзгерістің он бір механизмін көрсетеді: метафоралық өзгеріс, мағынаның кеңеюі, мағынаның тарылуы, гипонимиялық, халықтық этимология, антифраз, антонимия, кері (қарсы) мағына, аналогиялық өзгеріс, метонимия, эллипсис [8].

Туынды сөз мағынасы сөзжасамдық морфемалардың мағынасы негізінде қалыптасумен бірге кейде сөзжасамдық үлгіден танылмайтын қосымша мағына алуы мүмкін. Сөз мағынасындағы бұл құбылысты сөздің ауыспалы мағыналылығы деп атайды. М.А. Михайловтың пайымдауынша, көптеген тілшілер сөз бен сөз тудырушы тұлғалардың ауыспалы мағыналылығын семантикалық құбылыс ретінде және сөздің жалпы мағынасы мен сөзжасаушы форманттардың мағыналарының қосындысы арасындағы теңсіздік деп таниды [9]. Ал М.В. Панов сөздің жалпы мағынасы тек қана

сөздің құрамдас бөліктерінің мағынасынан ғана құралмайды, сонымен бірге қосымша үстеме мағына ала отырып, кеңірек болады деп айтады:

А + Б + (X) [10].

Б. Қасым әрбір сөз мағынасының өзгеруі нәтижесінде болған көпмағыналылық, метафора, метонимиялық қолданыстар, уәждемелік қатынас, сөз мағынасының кеңеюі, тарылуы, сөз мағынасының жаңа ұғымға телінуі сияқты үдерістердің табиғатын түсінуге мүмкіндік беретіндігін айтады [4; 188].

Семантикалық сөзжасам негізінде жасалатын сөзжасамдық мағыналарға көпмағыналылық, синонимдік және антонимдік мағыналар жатады. Көпмағыналылық пен сөзжасамдық процесті бір-бірімен тығыз қарым-қатынасты болатын құбылыстар және көпмағыналық сөз мағынасының бірте-бірте жіктеліп саралануына ықпал жасап, жаңа сөз тууының алғашқы баспалдағы болып табылады [2; 8]. Мысалы, түркі тілдерінде: *үй* — зат есім «баспана», *үй* — естістік «жинау, топтау».

Сөзжасамдық процесс нәтижесінде орын алатын семантикалық өзгерістің бірі ретінде танылатын құбылыс антономия бір заттың бойындағы қарама-қарсы сапалық белгі мен қасиетті ерекшелену арқылы, бір-біріне қарама-қарсы денотаттық және сигнификаттық белгілерді атау қажеттігінен туындайды. Көне түркі тілінің өзінде осы құбылыс байқалады: *bilig*→*biligsiz*.

Сөзжасамдағы туынды мағына мен оған негіз болған уәждеме сөздің мағынасы арасындағы теңсіздік болуы мүмкін. Туынды сөздің мағынасы негіз сөздің мағынасынан кең болуы мүмкін, яғни сөзжасамдық мағынада мағынаның кеңеюі орын алуы мүмкін. Мысалы: *кеш* лексемасының «қас қарайған», «кешкі уақыт» деген мағыналары бар, ал одан жасалған *кештік* туынды сөзінің бірнеше мағынасы бар: 1) кешкі сын есім; 2) кештік тамақ мәнінде зат есім; 3) мезгіл мәнді зат есім; 4) зат есім кеш қалғандық [1; 341].

Сөзжасамдық өзгерістің бірі мағынаның тарылуы туынды сөз мағынасы негіз сөздің мағыналарының бірін ғана қамтуы болып табылады. Мысалы: *қонақ* туынды сөзіндегі *қон-* негіз сөзінің: 1) түнеп шығу, қону; 2) құстың бұтаққа қонуы; 3) ауылдың қонысқа қонуы; 4) бір жерге жайғасу сияқты т.б. мағыналарының бірін ғана, яғни *түнеп шығу, қону* мағынасынан жасалып тұр.

Метафора көпшілік ғалымдар тарапынан ерекше танымдық қасиетті таныта білетін құбылыс ретінде бағаланады. Метафораны тілдегі әмбебап құбылыс деп таныған ғалым Б. Қасым: «Оның әмбебаптығы тілдің құрылымында және қызметінде көрінеді. Ол тілдің түрлі аспектісі мен қолданыстық қызметін қамтиды. Тілдегі сөзжасам мен аталымды метафора тұрғысынан зерделеу тілде кенжелеу, назардан тыс қалып келеді», — деп ой тұжырымдайды [4; 255]. Ж.К.Сүйінжанова өзінің «Атаулық тіркестердің сөзжасамдық семантикасы» атты зерттеуінде метафораны когнитивті тәсілдердің әмбебап моделі ретінде қарастырып, метафорада концептуалды бір саланың бейнелері басқа саланың сәйкес келетін құрылымына ауыстырылады деп анықтама береді [11; 8]. Сөзжасамдық мағынадағы метафоралық өзгерісті *бесік* сөзінің «ұрпақ» ауыспалы мағына алуында байқалады.

Г.Н. Зайсанбаева аналогиялық аталым денотаттардың сыртқы пішініне, қасиетіне қызметіне т.б. сипаттарына байланысты туындайтын құбылыс болса, метафорада ұқсату тілдік бірліктердің тілден тыс сипатына байланысты деп, ғалым «итмұрын», «айқұлақ» сияқты сөзқосым арқылы жасалған тілдік бірліктерден реалийлердің сырт пішіні белгілі бір заттар мен құбылыстардың қасиеттерімен жіне белгілерімен салыстырылып, ұқсастығы уәждемелік белгі ретінде қолданылса, жанашыр, қантөгіс, баскесер секілді метафоралану құбылысы арқылы жасалған атауларда қандай да бір ұқсастық пен белгінің негізінде жасалып тұрғандығы айқын көрінбейді деп айырмашылығын атап көрсетеді [12].

Метонимиялық үлгі затты не қасиетті иеленуді білдіруге негізделеді және ол поссессивті аталатын композиттер арқылы беріледі. Мысалы: *тізе* түбірінен *тізелі* туынды сөзінде метонимиялық мағына бар, яғни «мықты» беретін ұғымды білдіреді. Орхон ескерткіштерінде кездесетін бұл туынды сөзде сол кездің өзінде метаномиялық өзгерістің орын алғанын байқауға болады: «*Bašlïyü žükündürmiş, tizligig sökürmüş*» (КТү II). Аудар. *Бастыларын бағындырдық, тізелілерін тізе бүктірдік* сөйлемінде *tiz+lig, baš +lïy* туынды сөздерінде метонимиялық мағына бар.

Гипонимиялық үлгі нағыз сөз тұтасуға ғана тән мағынаның негізі гипонимиялық болған жағдайда, сөз орталық элемент болатын негізге қатысты гипоним ретінде қызмет атқарады. Белгілі бір құстың, өсімдіктің, жан-жануардың атауы оның бір ерекше белгісі арқылы таңбаланып жасалған: *қозы ошаған, қой жуа* т.б. [11; 8].

Сөзжасамдық мағынаның қалыптасуында сөз тудырушы жұрнақтардың да өзіндік семантикалық функциясы бар. Бұл туралы көне түркі тіліндегі зат есімнен етістік тудырушы жұрнақтарды таным

тұрғысынан зерттеген ғалым А.К. Лим көне түркілік жұрнақтардың грамматикалық функциясымен бірге мағына арқалаушылық қызметі барын айтады [13; 3]. Мәселен *-шы, -ші (-чы, -чі)* агент зат есім тудырушы жұрнағының көне түркі тілінде және қазіргі түркі тілдерінде белгілі бір мағына арқалаушылық қызметі бар. Көне ескерткіштер тілінде: 1. Адамның бір нәрсеге қабілетін, бейімділігін білдіреді: *aiyu + ċi* (ақылышы); 2. Кәсіп иесін білдіреді: *bitig + ċi* (тасқа таңба қашаушы) т.б. Ал қазіргі түркі тілдерінде бұл жұрнақтардың семантикалық аясының кеңейгендігін көрсетеді:

- (a) адамның дағдысын: шор тіл. *uğuř+ċa* ‘ұрысқақ’;
- (b) адамның белгілі бір саяси ағымға жататындығын: өзбек тіл. *respublika+ċi* ‘республикашыл’, *monarhiya+ċi* ‘монархияшыл’; қазақ тіл. *stahanov+ři* ‘стахановец’ т.б.
- (c) адамның туған жерін, тұрғылықты жерін білдіреді: қарашай-балқар тіл., тува *Nalċik+ ċi* ‘Нальчик қаласының тұрғыны’, *Kizil+ ċi* ‘Қызыл қаласының тұрғыны’;
- (d) адамның қызметін: *el+ ċi(ři)* ‘дипломатиялық қызметкер’, *ören+ ři* ‘оқушы’ т.б. Ал якут тілінде кәсіп иесі *-sit, -sut, - ċit, - ċut, řit, - řut* жұрнақтары арқылы беріледі: *balıq+ sit* ‘балықшы’, *suol+ řut* ‘жолшы’ т.б. [13; 115, 116].

Туынды сөздер тілде бұрыннан белгілі лексикалық элементтер негізінде жасалады. Сонымен бірге туынды сөз мағынасының қалыптасуында уәждеме негіз сөздің семасы арқау болғандықтан, негіз сөз бен туынды сөз мағыналарының арасында байланыс болады. Сонымен бірге негіз сема бірнеше туынды сөздің мағынасының қалыптасуына өзек бола алады. Сөзжасамдық мағынаның қалыптасуында сөз тудырушы жұрнақтардың да өзіндік семантикалық функциясы бар. Түркі тілдеріндегі сөзжасамдық жұрнақтардың мағына туғызушылық функциясы айқын болып келеді.

Туынды сөз мағынасы негіз сөз семасынан туындайтындықтан, туынды сөз семантикасында өзек сема сақталуы түбір мен туынды сөз арасында мағыналық байланысқа негіз болса, сөзжасамдық процесс негізінде қалыптасқан туынды мағынаның дамуы мағыналық айырмашылықты туғызады.

Сөзжасамның өнімділігінің көрсеткіші *семантикалық өзгеріс* болып табылады. Сөзжасамдағы семантикалық өзгеріс көпмағыналылық, метафора, метонимиялық қолданыстар, уәждемелік қатынас, сөз мағынасының кеңеюі, тарылуы, сөз мағынасының жана ұғымға телінуі сияқты үдерістердің табиғатын түсінуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Оралбаева Н., Құрманәлиев К. Сөзжасамның жалпы теориялық мәселелері. — Павлодар: Типография Сытина, 2011. — 348 б.
- 2 Салқынбай А. Тарихи сөзжасам (семантикалық аспект): Монография. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 1999. — 309 б.
- 3 Гак В.Г. О диалекте семантических отношений в языке // Принципы и методы семантических исследований. — М.: Наука, 1976. — 379 с.
- 4 Қасым Б. Сөзжасам уәждемесі мен сөзжасамдық мағына // Қазақ тілі және қазақ тілінің өміршеңдігі: Р.Сыздықтың 85 жылдығына орай өтізілген ғылыми-теор. конф. материалдары. — Алматы, 2009. — 188–190 б.
- 5 Тихонов А.Н. О семантической соотносительности производящих и производных основ // Вопросы языкознания. — 1967. — № 1. — С. 112–120.
- 6 Кубрякова Е.С. Типы языковых значений. Семантика производного слова. — М.: Наука, 1981. — 200 с.
- 7 Хакимзянова Д.Ф. Семантическая деривация глаголов физического воздействия на объект в русском, татарском и английском языках. 10.02.20 — Сравнительно-историческое, типологическое и сопоставительное языкознание: Автореф. дис. ... канд. филол. наук. — Казань, 2008. — С. 7.
- 8 Михайлов М.А. Речевая номинация и выделимость морфем. — Красноярск, 1989. — С. 157.
- 9 Historical Semantics and Cognition (Cognitive Linguistics Research 13) / Edit. by A. Blank; P. Koch. Berlin; New York: De Gruyter Mouton, 1999. — P. 22.
- 10 Панов М.В. О слове как единице языка // Учен. зап. МГПИ им. Потемкина. — 1956. — Т. LI. — Вып. 5. — С. 129–165.
- 11 Зайсанбаева Г.Н. Метафоралы сөзжасам: Ғыл. моногр. — Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2012. — 112 б.
- 12 Сүйінжанова Ж.К. Атаулық тіркестердің сөзжасамдық семантикасы. 10.02.02 — Қазақ тілі: Филол. ғыл. канд. ... дис. автореф. — Алматы, 2009. — 22-б.
- 13 Lim A.K. The meaning structure of the Old Turkic denominal verb formatives. Part 1 // Turkic Languages. — 15, 2011. — P. 3–50.

А.К.Купаева

Особенности формирования семантики производного слова

В статье рассмотрены особенности формирования и семантики производных слов. Автором отмечена семантическая соотносительность производящих и производных основ, которые формируются в ходе развития производной семантики. Кроме того, приведены мнения ученых касательно формирования семантики производных слов. Дано определение, проанализированы семы в структуре, обобщены причины семантических изменений в словообразовании.

А.К.Купаева

Features of semantic development of derived word

This article deals with the features of meaning formation of derived words in word formation and nominative function of derivatives. The author makes points on semantic connection and differences between base word and its derivation. In addition, this article narrates about views of different linguists on word formation meaning of derived words. The author gives description of seme, which are kept in meaning structure of derivations and act in formation of meaning in different degrees. This seme has an impact on the complexity of meaning of derived word. Moreover, this article gives the analysis of mechanisms of semantic change in word formation.

References

- 1 Oralbayeva N., Kurmanlaliyev K. *General problems of theory of word formation*, Pavlodar: Sytin publ. house, 2011, 348 p.
- 2 Salkynbay A. *Historical word formation (semantic aspect): Monograph*, Almaty: Kazakh University publ., 1999, 309 p.
- 3 Gak V.G. *Principles and methods of semantic analyses*, Moscow: Nauka, 1976, 379 p.
- 4 Kassym B. *Kazkh language and vitality of Kazakh language. Proceedings of scientific-theoretical conference devoted to the 85th anniversary of R. Syzdykh*, Almaty, 2009, p. 188–190.
- 5 Tikhonov A.N. *Problems of linguistics*, 1967, 1, p. 112–120.
- 6 Kubryakova E.S. *Types of Linguistic meanings. Semantics of derived word*, Moscow: Nauka, 1981, 200 p.
- 7 Hakimziyanova D.F. *Semantic derivation of verbs of physical reacting on object in Russian, Tatar and English. 10.02.20 – Comparative-historical, typological and comparative linguistics: Abstract of disser. thesis ... cand. of philological science*, Kazan, 2008, p. 7.
- 8 Mikhailov M.A. *Speech nomination and morpheme distinction*, Krasnoyarsk, 1989, p. 157.
- 9 *Historical Semantics and Cognition (Cognitive Linguistics Research 13)*; edit. by A.Blank; Peter Koch., Berlin; New York: De Gruyter Mouton, 1999, p. 22.
- 10 Panov M.V. *Potemkin MSPI*, 1956, LI., 5, p. 129–165.
- 11 Zaisanbayeva G.N. *Metaphorical word formation: Scientific monograph*, Oskemen: S. Amanzholov EKSU, 2012, 112 p.
- 12 Suinzhanova Zh.K. *Wordformation meaning of compounds. 10.02.02 – Kazakh language: Abstract of disser. thesis ... cand. of philological science*, Almaty, 2009, p. 22.
- 13 Lim A.K. *Turkic Languages*, 15, 2011.